

Бекітемін *Дюсекев*
Мектеп директоры Дюсекеева М.О
« » 2023 жыл

«Жамбыл ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
Мемлекеттік қузырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған
ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ



2023-2024 оқу жылы

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;

- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер	01.09.2023ж
2	«Тіл-ұлттың жаны» «Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы») Ұлттық мүдде: салауатты өмір салтын ұстану Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу	Сынып сағатының жоспары Сурет көрмесі	Бастауыш сынып мұғалімдері 1-4 сыныптар	5-11/09/23ж
3	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалаығы») Ұлттық мүдде: салауатты өмір салтын ұстану Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу	Сынып сағатының жоспары	Пән мұғалімдері 5-11 сыныптар Қуанышова Д.О	6/09/23ж
4	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» (реализация проекта «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Талап: салауатты өмір салтын ұстану	Сынып сағаттары	1-9сыныптар	қыркүйек

	Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету			
5	Табиғаттың адамға берер пайдасы. «Еңбек күні» мерекесі «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету Ар-ұят: халқына адал қызмет ету	Сынып сағаттары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	18/09/23ж
6	Ата –аналар жиналысы Қамқоршылық кеңесі жұмысы Талап: халқына адал қызмет ету	Ата аналар жиналысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	20.09.2023
7	Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту	кездесу	Қамқоршылық кеңес төрайымы, ДТІЖО	кесте бойынша
8	Өзін-өзі басқару ұйымын және белсенді оқушыларын, мектеп Президентін сайлау «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы Талап: технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету Ар-ұят: сөзіне берік, ісіне адал болу қоғам игілігі үшін қызмет ету	Хаттама, сайлаудың қорытындысын әлеуметтік желіде жариялау	Аға тәлімгер Смагулова Ж.А	19.09.2023ж
9	Денсаулық және дұрыс тамақтану» Табиғаттың адамға берер пайдасы. («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу «Еңбек қорлық және оның табысқа әсері». «Мен таңдаған мамандықтың қоғамға келтірер пайдасы»	Сынып сағаттары	сынып жетекшілер	18/09/23ж
10	«Дене сергіту» челленджі Талап: физикалық белсенді болу. Талап: салауатты өмір салтын ұстану	Челлендж	Аубакиров А.Ж	қыркүйек

	<i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i>			
11	«Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс- шаралар <i>Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</i>	Апталық Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әдістемелік бірлестік жетекшілері	қыркүйек
12	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.</i> <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	тәрбие сағаттары	1-4 сынып	25-қыркүйек
12	"Отбасы күніне арналған іс-шаралар <i>Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру</i> <i>Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</i>	Отбасы күніне арналған іс-шаралар. видеоролик	Сынып жетекшілер	қыркүйек
13	Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (қыздар және ұлдар жиналысы) Алдын алу түсіндірме жұмыстары <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i>	Дөңгелек үстел	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әдістемелік бірлестік жетекшілері	қыркүйек
14	Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қ.А.Яссауидың туғанына 930 жыл	Іс-шара Әзірлемелер Әлуметтік желіге жариялау	Пән мұғалімдері 5-11 сынып	25-қыркүйек
15	«Электрондық темекінің зияны» <i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i>	Сынып сағаты	5-11 сынып	11-қыркүйек
16	Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <i>Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</i>		Кітапханашы	қыркүйек

17	«Қарттырым-асыл қазынам» («Қарияға қол ұшын соз» жобасы) Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру	кездесу	Тәлімгер Сын.жетекшілер Өзін-өзі бас.ұйымы	29қыркүйек
18	Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық зомбылықсыз өмір» Ұлттық мүдде: Қазақстанныңқауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу Ар-ұят: халқына адал қызмет ету	сынып сағаттары	Тәлімгер. Жауапты жетекші	қыркүйек
19	Ата-әулеттің тірегі Әже ұрпақтың жүрегі Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу	Салтанатты жиын Мерекелік дастархан	Қабылтаева Ғ.А Мектеп ұжымы	02.09.2023 ж
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Қоғамға қызмет» әлеуметтік волонтерлік жобасы аясында үлкен сыныптардың кіші сыныптарға волонтерлік жетелеуін ұйымдастыру	Волонтерлік	ДТІЖО Тәлімгер Сын.жетекші Өзін-өзі бас.ұйымы	Жыл бойына
2	Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық зомбылықсыз өмір» Ұлттық мүдде: Қазақстанныңқауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу Ар-ұят: халқына адал қызмет ету	Сынып сағаты	Мектеп психологы	Жыл бойына

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл
-

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	Салтанатты жиын	Аубакиров А.Ж 1-11 сынып	5/09/23

2	<p align="center">Дублер күні</p> <p align="center">Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	Мерекелік іс шара	Аға тәлімгер Смагулова Ж.А	4-қазан
3	<p>«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</p>	Сынып сағаты	1-4сынып Сынып жетекшілер	қазан
4	<p>Қоғамдық игілікке қызмет ету» (Еріктілер ұйымы туралы ақпарат беру) «Еңбегі адал жас өрен» жобасы Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Ар-ұят: халқына адал қызмет ету Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	Әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер	Аға тәлімгер Смагулова Ж.А	қазан
5	<p>Республика күні көк тудың желбірегені» (25-қазан Республика күні) «Ұрпаққа аманат» жобасы Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу. Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</p>	Мерекелік іс-шара Іс- шара жоспары, әлеуметтік желілерге жариялау	2 сынып Құлмағанбетова П.О	23-қазан
6	<p align="center">Ата –аналар жиналысы Дөңгелек үстел Ар ұят: Отбасының ортасының абыройын асыру</p>	Ата –аналар жиналысы	1-11 сыныптар	30/10/23ж
7	<p>«Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін» Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу.</p>	1-11 Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер Тәрбие ісінің меңгерушісі	қазан

8	С.Көбеев шығармашылығы» (Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл	Ақпараттық танымдық бейнекөрсетілім,	Қуанышова Д.О	қазан
9	«Мен жастарға сенемін» Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл)	Сыныптан тыс іс-шара 9 сынып	Әлжанова Ш.Ш	қазан
9	«Шәкәрім – ұлы тұлға» (Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл	Сынып тыс іс шара 5 сынып	Қуанышова Д.О	қазан
10	С. Торайғыров –реалист,аса көрнекті ақын-жазушы Торайғыровтың туғанына -130 жыл	Сынып сағаты Бастауыш сынып	Сынып жетекшілер	қазан
11	«Таза аула» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Ар-ұят: халқына адал қызмет ету Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	5-9 сынып Мектеп ұжымы сенбілік	Сынып жетекшілер Ағам тәлімгер Тәрбие ісінң меңгерушісі	Ай бойы
12	Пікір-сайыс клубы Дебат клубы Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Талап: жеке және командамен жұмыс істей білу	8-11 сынып Команда жасақтау	Смаилов М.С	қазан

	<i>Ар-ұят: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</i>			
	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу</i>	1-4 сынып 10-11 сынып Сыныптан тыс жұмыстар	Аға тәлімгер тәрбие ісінің меңгерушісі	қазан
	«Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары <i>Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	Әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, аға тәлімгерлер	қазан
	Рөлдік тренинг төтенше жағдайлардағы іс-әрекет»	Бейне материал дайындау Әлеуметтік желіге жариялау	Смаилов М.С	қазан
	Сәкен жырдың сарқылмас дариясы» (Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл) <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <i>Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптер</i>	Сынып сағаттары 1-11 сынып	Пән мұғалімдері	қазан

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»	Әлеуметтік роликтер	Директордың тәрбие ісі	6-қараша

	<i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</i> Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	1-4 сыныптар	жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	
2	«Жемқорлыққа жол жоқ» Ар-ұят: халқына адал қызмет ету	10-11 сыныптар Сынып сағаты	Байманов Б.Ж	6-қараша
3	15 қараша – Ұлттық валюта күні Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу Талап: Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	1-11 сыныптар Көрме Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашылар	13-қараша
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» <i>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i> Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	11 сынып Сынып сағаты	Байманов Б.Ж	13-қараша
6	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау <i>(«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)</i> Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру.	Сынып сағаттары 1-11 сынып	Сынып жетекшілер	қараша
8	Оқушылар арасында сауалнама «Терроризмге қарсы қауіпсіздік» Ар-ұят: халқына адал қызмет ету Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу	Саулана жүргізу 5-11 сынып	Смаилов М.С	қараша
9	«Жол жүру ережелерін еске түсіреміз» Талап: салауатты өмір салтын ұстану.	Барлық сыныптар	Сынып жетекшілер	қараша

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ *16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау</i>	1-11 сынып Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4-желтоқсан
2	16 - желтоқсан Тәуелсіздіктің 32 жылдығы, «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау	Іс-шара Сынып сағаттары Мерекелік іс-шара	Сынып жетекшілер Байманов Б.Ж	15-желтоқсан
3	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) <i>Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i>	1-4 сынып	Бастауыш сынып мұғалімдері	11-желтоқсан
4	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) <i>Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</i>	5-9 сынып	Сынып жетекшілер	желтоқсан
5	«Мейірімділік құндылығы» <i>Ар ұят: достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту</i> <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-4 сынып Сынып сағаты	Бастауыш сынып	желтоқсан
6	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) <i>Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу.</i>	5-11 сынып Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	14-желтоқсан
7	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар мектеп) жобасы	5-9 сынып Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	21 -желтоқсан

	<i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу. Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету</i>			
8	«Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	9-11 сынып Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	желтоқсан
9	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру	9-11 сынып Дөңгелек үстелдер, әңгімелесу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер	13-желтоқсан
10	Жасөспірімдер ортасында экстремистік идеяларының таралуын алдын алу жұмыстары	1-11 сыныптар Түсіндірме жұмыстар: дөңгелек үстел, кездесулер Ата –аналар жиналысы		20-желтоқсан
11	Қош келдің жаңа жыл	1-11 сынып Мерекелік іс –шара	Сынып жетекшілер Аға тәлімгер Тәрбие ісінің меңгерушісі	30-желтоқсан

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Елімді жырға қосамын» (Туған өлке ақындарының шығармалары) («Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы) <i>Ар-ұят: шешім қабылдай білу және</i>	1-4 сыныптар Сынып сағаты	Бастауыш сынып мұғалімдер	9-қаңтар

	<i>жауапкершілікті сезіну</i>			
2	«Жайдарман» Талап: <i>сыни және креативті ойлау</i> Талап: <i>жеке және командамен жұмыс істей білу</i> Талап: <i>дұрыс қарым-қатынас орната білу</i>	Мұғалімдер ата-аналар	Сынып жетекшілер	қаңтар
3	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың алдын алу	5-11 сынып	Сынып жетекшілер	қаңтар
4	«Сен өз құқығыңды білесің бе?» (Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу) Ұлттық мүдде: <i>Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</i>	1-11 сынып Сынып сағатары	Сынып жетекшілер	қаңтар
5	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Талап: <i>уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау</i> Ұлттық мүдде: <i>қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	9-11 сынып Сынып сағаттары	Әлжанова Ш.Ш Байманов Б.Ж	қаңтар
6	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ұлттық мүдде: <i>Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</i> Талап: <i>Сыни креативті ойлау</i>	5-11 сынып	Клуб жетекшісі	қаңтар
7	«Кәмелетке толмағандардың қылмыстық, әкімшілік жауапкершілігі» Ұлттық мүдде: <i>Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз</i>	5-11 сынып Сұхбат дәрістер өткізу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, кәмелеттік	қаңтар

	<i>етуге дайын болу</i> <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i>		жасқа толмағандар ісі инспекторы	
8	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сынып Сынып сағаты, көрме	Бастауш сынып кітапханашы	қаңтар
9	Жолда жүру ережесі <i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану.</i>	1-11 сынып	Сынып жетекшілер	қаңтар

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сынып Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	ақпан
2	«Жол сақшылары» «Жас құтқарушылар» Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу Талап: сыни және креативті ойлау Талап: жеке және командамен жұмыс істей білу	5-8 сынып Байқау Әлеуметтік желілерде жариялау	Сынып жетекшілер	ақпан
3	«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар Сынып сағатары	Сынып жетекшілер	ақпан
4	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-11 сынып	Сынып жетекшілер Аға тәлімгер Смағұлова Ж.А	ақпан
	«Отаншылдық және оның мәні» («Тарихқа құрмет» жобасы) Ұлттық мүдде: Уақыт пен қаржыны тиімді	10-11 сыныптренинг Анықтама, әзірлеме	Мектеп психологы	ақпан

	<i>пайдалану</i> Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету			
	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» («Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» жобасы) Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	10-11 сынып Сыныптан тыс –шара	Пән мұғалімдері	ақпан
	«Тарихқа тағзым» («Тарихқа құрмет» жобасы) Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-9 сыныптар Сынып сағаттары	Байманов Б.Ж	ақпан

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Ана өмірдің шырағы» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру	1-11 сынып мерекелік іс-шара 4-сынып концерттік іс-шара Ашықхаттар желілерге жариялау	Сынып жетекшілер Смагулова А.С	4-наурыз 7-наурыз
2	«Зиянды әдеттерден аулақ бол» акция	5-11 сынып	Сынып жетекшілер	11-наурыз

	<i>(«Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)</i> <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i>	Сынып сағаты		
3	Қош келдің, өз-Наурыз» Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу <i>Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану</i> Талап: Сыни және креативті ойлау	1-11 сынып Сынып сағаттары, ұлттық бұрыштар дайындау, желілерге жриялым	Жакупова Л.К Сынып жетекшілер, аға тәлімгер Қуанышова Д.О Әлжанова Ш.Ш	21-наурыз
4	«Ұлттық өнер» көрме «Төрт тоқсан – төрт өнер» Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу	Сыныптан тыс іс шара 1-11 сынып	Қабылтаева Ғ.А	наурыз
5	«Қыз еркем, анасымен көркем» <i>Ар ұят: әдеп нормаларын ұстану</i> Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу	5-7 сыныптар Сайыс сабақ	Жакупова Л.К Сынып жетекші	наурыз
6	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) <i>Ар ұят: Отбасының ортасының абыройын асыру</i> Талап: дұрыс қарым қатынас орната білу	8-11 сынып Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	наурыз
7	«Ұлттық киім -ұрпаққа аманат» Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-7 сынып Сынып сағаттары Көрме	Сынып жетекшілер Аға тәлімгер	наурыз
8	Ақыл айтпа – жол көрсет <i>Ар ұят: Отбасының ортасының абыройын асыру</i> Талап: дұрыс қарым қатынас орната білу	5-9 сынып 1-4 сынып	Сынып жетекшілер Аға тәлімгер , психолог, Мектеп директоры Тәрбие ісінің меңгерушісі	15-наурыз
	Әрбір бала жарық жұлдыз	Ата аналар жиналысы		

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Мен және экология» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер <i>Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу</i> <i>Талап: Салауатты өмір салтын ұстану</i>	5-9 сынып Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	1-сәуір
2	«Қоқысты қайта өңдеу» («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы) <i>Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу</i> <i>Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	10-11 сынып Сынып сағаттары	Смаилов М.С көркем еңбек мұғалімдері	сәуір
3	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы) <i>Ар ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</i>	8-11 сынып Сынып сағаты	Жакупова Л.К Сынып жетекші	8-сәуір
4	«Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	5-11 сыныптар	Сынып жетекшілер	сәуір
5	«12 сәуір Ғарыш күні» <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-11 сынып сынып сағаттары	Смагулова Б.Ғ Сынып жетекшілер	12-сәуір
6	«Спорт және мен» <i>Талап: физикалық белсенді болу</i>	5-7 сынып жарыс	Аубакиров А.Ж	15-сәуір

7	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i>	1-9 сынып сағатының жоспары/сцена рийі	Сүндетова Н.Т	сәуір
8	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» («Жеткіншектің жеті жарғысы») <i>Ар-ұят: Халқына адал қызметету</i>	1-4 сынып Сынып сағаттары	Бастауыш сынып	15-сәуір
9	«Ұлы Дала мұрагерлері» <i>Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу</i> <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау</i>	10-11 сынып	БаймановБ.Ж Сынып жетекшілер	сәуір
10	«Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы») <i>Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.</i>	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары 1-11 сынып	Сынып жетекшілер	сәуір
11	Таза аула Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11 сыныптар Мектеп ауласы Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп ұжымы Сынып жетекшілер	сәуір
12	«Туған өлкем» «Төрт тоқсан – төрт өнер» Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	1-11 сыныптар Фестиваль	Сынып жетекшілер	сәуір
13	«Тарихқа құрмет» <i>Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</i> <i>Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу</i>	5-11 Әлеуметтік жоба Әлеуметтік желілерге жариялау, жоспар	Сынып жетекшілер Байманов Б.Ж	сәуір
14	Әр нәрсенің өтеуі бар Ата-аналар жиналысы	1-11 сынып	Жакупова Л.К	сәуір

15	Жол жүру ережесі Каникул кезіндегі қауіпсіздік мұздың жұқаруы (қауіпсіздік ережелері)	1-11 сынып	Сынып жетекшілер	сәуір
----	---	------------	------------------	-------

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	1-11 сынып Іс –шара Салтанатты жиын	Сынып жетекшілер Қуанышова Д.А	30 сәуір
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сынып Мерекелік іс-шара	Сынып жетекшілер Смаилова А.Х	6-мамыр
3	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» «Менің отбасымның өмірлік жолы» жобасы («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу	5-9 сынып Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	мамыр
4	Жасыл мектеп Талап: салауатты өмір салтын ұстану Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11 сынып Мектеп ауласында жұмыстар ұйымдастыру Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп ұжымы Сүндетова Н.Т	мамыр
5	«Кітапханаға саяхат» («Балалар кітапханасы» жобасы) Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сынып Сынып сағаты Көрме	Смаилова А.Х	13-мамыр
6	«Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы») Ар-ұят: сөзіне берік, ісіне адал болу Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар	10-11 сынып	Әлжанова Ш.Ш	мамыр

7	Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» («Жасыл мектеп» жобасы) <i>Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету</i> <i>Талап: Дұрыс қарым қатынас орната білу</i> <i>Талап: Дұрыс қарым қатынас орната білу</i>	9-11 сынып Сынып жетекшілер сынып сағаты		20-мамыр
8	Сыңғырла, соңғы қоңырау! Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	1-11 сынып Іс-шара	Қабылтаева Ғ.А Байманов Б.Ж	25-мамыр
9	1-маусым балаларды қорғау күні Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету7	1-4 сынып Мерекелік іс шара	Бастауыш сынып Құлмағанбетова П.О	1-маусым
11	Ата –аналар жиналысы Сүйіспеншілік-сыйластық кіліг. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік Жазғы демалыс	Жиналыс 1-11 сынып	Жақупова Л.К	20-мамыр